

*Академияның Ғылыми
кеңесінің 2023 жылғы
29 наурыздағы
(№13 хаттама)
шешімімен бекітілген*

**«7M04118 – Өңірлік даму»
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04118 – Өңірлік даму» магистратура білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «7M041 – Бизнес және басқару»).

2. Оқу мерзімі: 1 жыл (модульдік оқыту түрі)

3. Барлық кредиттер (ECTS): 63

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Бұл білім беру бағдарламасы еліміздің мемлекеттік аппаратының алдына қойылған міндеттерді ескере отырып әзірленді және мемлекеттік қызметшілердің бойында Қазақстан өңірлерінің тұрақты теңгерімді дамуын қамтамасыз ету бойынша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: әлеуметтік-экономикалық диспропорцияларды еңсеру және өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін тиімді басқару шешімдерін әзірлеуге қабілетті мамандарды даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық процестерді болжау және бағалау бойынша дағдыларды дамыту;
- өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің тиімді басқару шешімдерін әзірлеу бойынша дағдыларды қалыптастыру;
- халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру үшін аумақтардың теңгерімді дамуын қамтамасыз ету бойынша құзыреттерді дамыту.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- оқытудағы пәнаралық, жеке және құзыреттілік тәсіл, интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып, нақты жағдайларды шешу арқылы оқытудың практикаға және нәтижеге бағдарлануы;
- өңірді дамытудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған магистрлік жобаны орындау;
- мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту;
- мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың шақырылған дәріскерлері мен сарапшыларын, жетекші лектор-практиктерді тарту;
- кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың мемлекеттік қызметшілерімен өзара қарым-қатынас жасау, өзара оқыту.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Тиімді коммуникацияларды құру – өзінің қызметін әріптестерімен үйлестіре біледі, коммуникацияға ашық, іскерлік ынтымақтастыққа дайын, қажет болған жағдайда әріптестеріне көмектеседі, жанжалдарды ортақ іс үшін пайдалы шешуді біледі, сонымен бірге өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізеді және әріптестерінің пікірін ескереді, топтың/команданың мүдделі тараптармен тиімді жұмысын жүргізе алады.

Этикалық нормалар мен қағидаттарды ұстану – әдеп кодексіне сәйкес кез келген жағдайда этикалық мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайды, парасаттылық, адалдық, ізгі

ниет, әріптестер мен мүдделі тараптарды құрметтеу қағидаттарын ұстанады, стресстік жағдайда ұстамды болып, шешімдерді іздестіріп, таба алады.

Өзгерістерді басқару – ұйымдағы өзгерістерге оң көзқараспен қарайды, өзгерген жағдайға өз әрекеттерінің тактикасын бейімдей алады, сәтсіздіктің себептерін талдайды және тәсілдерді немесе стратегияларды өзгертеді, жұмысшылардың бастамаларын қолдайды және ынталандыра алады.

Нәтижеге бағдарлану – күрделі мақсаттар қойып, оларға қол жеткізе алады, міндеттерді орындау үшін қосымша күш салып, нәтижеге жету үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алады.

Дербестілік және шешім қабылдай білу – мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдай алады, сондай-ақ ресурстарды есептей және жоспарлай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ете алады, ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше нұсқасын ұсынады.

Ынтымақтастық – қызметкерлерді құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағыттайды, қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жоспарларды іске асырады және жалпы нәтижелерге қол жеткізе алады.

Жеделдік – ұжымға жаңа басымдықтарды уақтылы жеткізеді, өзгерістерге уақтылы ден қою үшін тиімді шаралар әзірлейді, бөлімшені тиімді басқара алады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізе алады.

Өзін-өзі дамыту – перспективалы қызметкерлерді анықтай біліп, оларды ілгерілету бойынша ұсыныстар енгізеді, қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдайды, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысты өзі арқылы көрсетеді.

8. Бағдарлама құрылымы және академиялық контент:

Модуль	Пәннің атауы	ECTS
1	Мемлекеттік басқару	4
	Өңірлік экономика және кеңістіктік даму	5
	Ұйымдық мәдениет және этика	3
	Өндірістік практика	2
	Теориялық оқу бойынша барлығы	14
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)	2
1-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		16
2	Мемлекеттік қаржы және бюджет	4
	Өңірдің тұрақты дамуын басқару	4
	Өңірдің инвестициялық процестерін басқару	4
	Теориялық оқу бойынша барлығы	12
	Тағылымдама	2
	МЭЗЖ	3
2-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		17
3	Таңдау компоненті	7
	Зерттеу әдістері мен дизайны	3
	Теориялық оқу бойынша барлығы	10
	МЭЗЖ	6
3-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		16
4	Ресми жазылым және дискурс	3
	Кәсіби ағылшын тілі	3

	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>	6
	Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)	8
4-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		14
Теориялық оқу қорытындысы + практика		42
Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)		8
МЭЗЖ + тағылымдама		13
<i>МІНДЕТТІ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН КРЕДИТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ</i>		63

Ескертпе: Аталған білім беру бағдарламасы Академияның Ғылыми кеңесінің 2023 жылғы 29 наурыздағы шешімімен бекітілді, № 13 хаттама (оның ішінде қосымша қабылдау үшін, 2023 жылғы желтоқсан)